

**"Сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғарғы білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 24 сәуірдегі № 184 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 8 мамырда № 7628 тіркелді

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының 5-бабының 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғарғы білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру нұсқаулығын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы мемлекеттік атқарушы органдарының және басқа орталық мемлекеттік органдардың 2010 жылғы № 11 басылымында жарияланған нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген (12.07.2010)) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына мынадай толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрыққа 1-қосымшада: сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесінде: 3 - б ө л і м д е :

«1. Гуманитарлық ғылымдар» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

«

5B025100	Исламтану
----------	-----------

» ;

«6. Техникалық ғылымдар және технологиялар» деген кіші бөлім мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

«

5B075200	Инженерлік жүйелер және желілер
5B075300	Балқуы қиын бейметалл және силикатты материалдардың химиялық технологиясы

» ;

«12. Білім» деген кіші бөлім мынадай мазмұнымен толықтырылсын:

«

5B010100	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
----------	---------------------------------------

5B010200	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі
5B010300	Педагогика және психология
5B010400	Бастапқы әскери дайындық
5B010500	Дефектология
5B010600	Музыкалық білім
5B010700	Бейнелеу өнері және сызу
5B010800	Дене шынықтыру және спорт
5B010900	Математика
5B011000	Физика
5B011100	Информатика
5B011200	Химия
5B011300	Биология
5B011400	Тарих
5B011500	Құқық және экономика негіздері
5B011600	География
5B011700	Қазақ тілі мен әдебиеті
5B011800	Орыс тілі мен әдебиеті
5B011900	Шетел тілі: екі шетел тілі
5B012000	Кәсіптік оқыту
5B012100	Қазақ тілінде оқытпайтын мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті
5B012200	Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті
5B012300	Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану

» ;

«14 Өнер» «13. Жоғары арнайы білім мамандықтары» деген кіші бөлім мынадай  
**мазмұнымен** **толықтырылсын:**

«

5B140100	Орындаушылық өнер
5B140200	Халық аспаптары
5B140300	Ән өнері

» ;

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаменті (Ф.Н.Жақыпова)  
**белгіленген** **тәртіппен:**

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік  
**тіркеуден** **өтуін** **қамтамасыз** **етсін;**

2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін осы бұйрықты бұқаралық ақпарат  
**құралдарында** **жарияласын.**

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
**қолданысқа енгізіледі.**

*Министр*

*Б. Жұмағұлов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК